www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№41 /sársenbi/ 08 qazan 2025 jyl



# ALEM.AI – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ЖАҺАНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛМАҚ

Шымкентте Digital Bridge халықаралық форумының аясында Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығының ашылуы өтті. Іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Мажарстан Президенті Тамаш Шуйок, сондай-ақ әлемдік IT-компаниялардың өкілдері мен халықаралық сарапшылар қатысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Alem.AI орталығы жасанды интеллектіні тиімді әрі этикалық тұрғыдан дұрыс пайдаланатын жаһандық білім және зерттеу орталығына айналуы тиіс екенін атап өтті.

«Жасанды интеллект технологиясын жауапкершілікпен қолдану өте маңызды. Alem.AI мен жаңа университет біртұтас экожүйенің өзегіне айналып, осы бағыттағы білім мен инновацияның дамуына жол ашуы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа Alem.AI орталығы жыл сайын 5000 оқушыны тегін оқытып, олардың цифрлық сауаттылығы мен инновациялық қабілетін арттыруға бағытталған. Мұнда стартап жобалар көрмесі, зертханалар мен креативті технологияларды оқыту орталықтары орналасқан.

Президент форум барысында жасанды интеллекттің бейбіт мақсатта қолданылуының маңыздылығын ерекше атап өтті. Оның әскери немесе кибершабуылдарға бағытталуына жол берілмеуі тиіс екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның БҰҰ аясында жасанды интеллектіні басқару жөніндегі жаһандық диалогқа қатысуға дайын екенін мәлімдеді және бұл бағытта заңнамалық негіз қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

«Маған "Самұрық-Қазына" қорының жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін виртуалды жүйесі таныстырылды. Бұл – Alem LLM үлкен тілдік моделі мен ұлттық суперкомпьютер базасында жүзеге асқан алғашқы жоба», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті дамытудағы үш негізгі міндетті айқындады: ресурстарды тиімді пайдалану, жаңа білімді игеру және этикалық нормаларды сақтау.

Digital Bridge – мемлекет пен бизнес, ғылым мен қоғам арасындағы серіктестікті нығайтып, жаңа технологияларды ортақ игілікке айналдыруға жол ашатын бірегей алаң ретінде қала бермек.

**Ақорда.**

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛЫНАН МАРАПАТ АЛҒАН ҚОС ҰСТАЗ



Суретте: **Ұ.РАЙЫМБЕКОВА**

Ұстаз - ұлт болашағын тәрбиелейтін ұлы тұлға. Шәкірттің жүрегіне білім нұрын сеуіп,өмірге бағыт-бағдар беретін,ел ертеңінің іргесін қалаушы да - ұстаз. Осындай жауапты да қасиетті жолды өмірлік мұратына айналдырған педагогтердің бірі - қазақ тілі мен әдебиетінің жанашыры,шәкірттерін сөз өнеріне баулып жүрген Түркістан облысының және Шымкент қаласынан қос ұстаз кәсіби мереке қарсаңында Мемлекет басшысының қолынан марапат алды.



Суретте: **Г.ШЕРАЛХАН**

Ұстаздық – ұлы миссия. Осы бір қадірлі жолда аянбай еңбек етіп келе жатқан Түркістан облысы, Жетісай қаласының тәжірибелі педагогы Ұлжан Райымбекова Мемлекет басшысының қолынан «Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз» медалін алып, ел абыройын асқақтатты. Ұлжан Кеттешқызы – саналы ғұмырын білім беруге ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелеуге де арнаған ұлағатты ұстаз. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты маманы ретінде ол өзінің кәсіби шеберлігін дәлелдеген. 28 жылдық педагогикалық өтілі бар ұстаз 2019 жылдың «Үздік педагогы» атағын иеленген.

Ол – тек пәнді жетік меңгеріп қана қоймай, шәкірт жүрегіне жол таба білетін ерекше педагог. Оның тәлімі мен тәрбиесін көрген жүздеген шәкірт бүгінде ел игілігіне қызмет етіп жүр. Бұл марапат – ұзақ жылғы ерен еңбектің, жас ұрпаққа деген шексіз жанашырлық пен адалдықтың нәтижесі. Бұл тек Ұлжан апайдың емес, барша ұстаздар қауымының еңбегіне көрсетілген жоғары құрмет деп білеміз. Әрбір ұстаз үшін бұл – зор мәртебе, үлкен жауапкершілік.

Халықаралық деңгейде де мойындалған ұстаз Ұлжан Кеттешқызы – XIX Халықаралық Пушкин байқауының диплом иегері, Краснодарда өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияның қатысушысы, АҚШ-тың Бостон қаласында ұйымдастырылған халықаралық конференцияда білімін көрсеткен педагог. Оның авторлығымен жарық көрген «Есть идея! Жақсы сабақтың он белгісі» атты әдістемелік құралы – жаңашыл педагогикалық ой-пікірлерге толы, сала үшін құнды еңбек. Ол әріптестерімен тәжірибе бөлісіп, білім беру сапасын арттыруда үнемі тың ізденіс үстінде жүр.

Сонымен қатар ол «Педагогическая слава» атты халықаралық энциклопедияның I дәрежелі медалі мен дипломының, ҚР БҒМ-нің алғыс хаты мен бірнеше марапаттардың иегері. «3-сыныпқа арналған орыс тілінен стандартты емес тапсырмалар» әдістемелік ұсынымы үшін де арнайы дипломмен марапатталған.

Ұлжан Райымбекова – білімімен де, адами болмысымен де дараланған тұлға. Оның еңбегі – жас ұрпаққа үлгі, болашаққа бағдар. Осындай педагогтарымыздың еңбегі бағаланып, ел алдында марапатталуы – білім саласына, ұстазға деген шынайы мемлекеттік құрметтің айқын көрінісі.

Ақорда төрінде марапатталған келесі ұстаз Шымкент қаласындағы №47 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлмира Шералхан. Ол - білім саласында елеулі жетістіктерге жетіп жүрген ұстаздардың бірі.

Гүлмира Шералхан 1997 жылы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімшесін үздік бітіріп, ұстаздық жолын туған жерінде бастаған. 1999 жылдан бері Шымкент қаласындағы №47 мектеп-гимназияда еңбек етіп келеді.

Ұстаздың ұзақ жылғы еңбегі мен кәсіби шеберлігі жоғары бағаланып, ол «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен (2024 ж.) және «Үздік педагог – 2024» республикалық байқауының жеңімпазы атанды. Сонымен қатар, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісі мен «Орта білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломының иегері.

Шәкірт тәрбиелеудегі табысты еңбегімен қатар, педагогикалық ізденіс пен ғылыми-әдістемелік еңбектері де жоғары бағалануда. Автордың «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» (5–9 сыныптарға арналған) авторлық бағдарламасы мен «Қазақ тілі» анықтамалық құралы оқу үдерісінде кеңінен қолданылып келеді.

Ол түрлі республикалық және халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияларға белсене қатысып, бірнеше кәсіби мақалалардың авторы. Еңбегі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Дарын» орталығының, Шымкент қаласы білім басқармасының және басқа да мекемелердің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталған.

Жетістіктері мен шығармашылығы арқылы шәкірт жүрегінен орын тапқан ұстаздың басты ұстанымы – білім мен адамгершілікті ұштастыра отырып, ұлттың рухани дамуына үлес қосу.

# ҚАЖЫМҰҚАН АТЫНДАҒЫ СТАДИОН ЖАҢА КЕЛБЕТКЕ ИЕ БОЛДЫ

Жыл басында «Ордабасы» футбол клубының демеушілігімен стадиондағы табиғи газон толықтай ауыстырылып, автоматты суару жүйесі орнатылды. Бұл жұмыстарды тәжірибелі компания жүзеге асырды. Жобаның жалпы құны – 78 млн теңге, оның ішінде газонды ауыстыруға – 54 млн теңге, ал суару жүйесіне – 24 млн теңге жұмсалды. Бұған қоса, жүгіру жолақтары халықаралық стандарттарға сай қайта жабдықталып, көк түсті сапалы тартан жабыны төселді. 8 жолақ қарастырылған жаңа алаңды жабдықтау 380 млн теңгеге түсіп, ол да демеушілердің қолдауымен іске асырылды.

Жаңғырту жұмыстары бірнеше бағытты қамтыды. Стадион аумағы толық абаттандырылып, бұрын-соңды ауыстырылмаған газон жаңарды, халықаралық сертификатталған жабыны бар жүгіру жолдары төселді. Сонымен бірге негізгі командаға арналған жаттығу және қалпына келтіру блогы ашылды, бапкерлер мен қосалқы ойыншыларға ыңғайлы орындықтар орнатылды. Көрермендерге арналған орындықтар мен ВИП-кабиналар жаңартылып, жаңа мультимедиялық табло, заманауи LED-экрандар және борттық мониторлар іске қосылды.

Жалпы жаңғыртуға жергілікті бюджеттен 149 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, негізгі құрылыс материалдары мен жабдықтар демеушілер есебінен қамтамасыз етілді.

Жаңартылған «Орталық» стадион футбол жанкүйерлеріне қолайлы жағдай жасап қана қоймай, халықаралық деңгейдегі спорттық іс-шараларды өткізуге толық мүмкіндік бермек. Бұл жобалық өзгерістер – Шымкенттегі спортқа қамқорлықтың, жанкүйерлерге құрметтің және болашаққа сенімнің айқын көрінісі.

otyrar.kz

## ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТТЕРІ – БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ КҮЗЕТШІСІ

Шымкент қаласында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жаңа өрт сөндіру деполарының құрылысы қарқынды жүргізілуде.




Қазіргі таңда Таскен, Елтай және Сәуле шағын аудандарында өрт сөндіру деполарының құрылыс-монтаж жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Жоба толық аяқталған соң әр нысанда 20-ға дейін қызметкер жұмыс істейді және 2 өрт сөндіру техникасы тәулік бойы дайындықта тұрады.

Бұдан бөлек, бұл деполар тек өрт сөндірушілерге ғана емес, халыққа кешенді қызмет көрсететін қауіпсіздік орталығы ретінде де қызмет атқарады. Мұнда учаскелік полиция пункті, медициналық көмек көрсету пункті, сондай-ақ жол-патрульдік полиция бөлімшесі орналастырылады.

Бір қабатты заманауи ғимараттың жобасында қызметтік кабинеттермен қатар, асхана, оқу сыныбы, демалыс бөлмелері және жабдық сақтау қоймасы қарастырылған. Бұл мамандардың тиімді жұмыс істеуіне әрі кәсіби даярлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Өрт сөндіру деполарының шағын аудандарға салынуы – төтенше жағдай кезінде әрекет ету уақытын қысқартады. Бұрын қала орталығынан жететін өрт сөндірушілердің уақыты енді бірнеше есеге азаймақ. Бұл тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың қауіпсіздігін айтарлықтай арттырады.

Жыл соңына дейін Шымкент қаласында тағы екі нысанның – Бозарық және Жаңаталап шағын аудандарындағы өрт сөндіру деполарының құрылысы басталады.

Ал 2026 жылы Ынтымақ, Базарқақпа, Қайнарбұлақ, Шымсити және Ақжар шағын аудандарында осындай заманауи деполардың құрылысын қолға алу жоспарлануда.

Қаладағы ең ірі нысандардың бірі – Тұран шағын ауданында салынудағы 4 өрт сөндіру көлігіне арналған депо. Құрылысы 2024 жылдың мамыр айында басталған жоба бүгінде 25 пайызға орындалған. Бұл нысан 2026 жылға өтпелі жоба ретінде жоспарланған.

Тұран депосы іске қосылған соң, ол тек өз ауданына ғана емес, көршілес аймақтарға да қызмет көрсететін өңірлік маңызы бар бөлім болмақ. Қала аумағының кеңеюіне байланысты өрт сөндіру инфрақұрылымын жетілдіру – тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды қадамы.

Жаңа деполардың салынуы арқылы Шымкент төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету уақыты мен сапасын айтарлықтай арттырып, қауіпсіз қала тұжырымдамасын нақты іске асырып келеді.




## ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН БЕРІК ІРГЕТАС

Шымкент қаласында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдеріне арналған ауқымды тәжірибелік семинар ұйымдастырылды. «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» тақырыбымен өткен жиынға қала мектептерінің ұстаздары, қоғам қайраткерлері және Қарулы күштердің ардагерлері қатысты.

Басты мақсат – жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, әскери-патриоттық білім беру ісін жетілдіру және оқу-тәрбие процесіне жаңа әдістемелерді енгізу.

Семинар №68 мектептің базасында өтіп, қаладағы 285 мектептің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерін тоғыстырды. Жиында ардагерлер мен сала мамандары мазмұнды баяндамалар жасап, әскери-патриоттық тәрбиедегі тәжірибелерімен бөлісті. Ашық сабақтар ұйымдастырылып, педагогтар оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерін ортаға салды.

– Осындай семинарлар ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыруға, бір-бірінің тәжірибесін үйренуге жол ашады. Сабақ жоспарын құру, әдістемелік құралдарды пайдалану және оқушыны жан-жақты зерттеу тәсілдері талқыланды. Бұл – болашақ сарбаздардың сапалы білім алып, биік жетістіктерге жетуіне ықпал етеді, – деді алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Сержан Назаров.

Маңызды шара аясында «Қарулы күштерінің ардагерлері» бірлестігінің қалалық филиалы төрағасы, ардагер Серікбай Оңбаев атындағы алғашқы әскери дайындық кабинеті ашылды.

– Өскелең ұрпақтың елін қорғауға дайын болуы – біздің басты міндетіміз. Жастарымыз осы жерден білім алып, әскери рухпен өмірге қадам басады. Бұл игі іс жас ұрпақ үшін үлкен тәрбие мектебі болады, – деп атап өтті Серікбай Оңбаев.

Бұл – жаңа оқу жылындағы алғашқы тәжірибелік семинар. Жыл соңына дейін қала мектептерінде осындай тағы сегіз жиын өткізу жоспарланған.

### *Заң үстемдігі - қоғам қауіасіздігінің кепілі*



Шымкентте аса ірі мөлшерде есірткі өсірген тұрғын ұсталды. Шымкент қаласында есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл шеңберінде жүргізілген жедел іс-шара барысында аса ірі көлемде сора өсірген азамат қолға түсті.

2025 жылғы 4 қыркүйекте Абай ауданы аумағында профилактикалық жұмыстар кезінде Темірлан тас жолының бойындағы егістік жерден 112 килограмм марихуана тәркіленді. Айғақ заттар жиналып, күдікті ұсталды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 300-бабы 3-бөлігінің 2) тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Бұл баппен 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Есірткі бизнесіне қарсы күресте прокуратура мен құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмысы қоғамды қауіпті құбылыстан қорғаудың негізгі тетігі болып отыр. Прокурорлардың заң үстемдігін қамтамасыз етудегі қатаң бақылауы – тергеу сапасына, айыпталушының әділ жазасын алуына және қылмыстың түбірімен жойылуына ықпал етуде.

Бұл оқиға – тек құқық қорғау органдарының табанды еңбегінің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар қоғамға ескерту. Есірткі қылмысына төзбеушілік пен заң талаптарын мүлтіксіз орындау – елдің болашағы мен жас ұрпақтың амандығын қорғаудың басты жолы.

## ПРОКУРОР МІНБЕРІ

### ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚОРҒАУ – ДАМУДЫ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысының инвестициялық жобаларды сүйемелдеу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Қаратау ауданының прокуроры Ғалымжан Жаңабаев «Тассай» индустриалды аймағындағы ұлттық пулға енгізілген ірі инвесторлармен кездесті.

Кездесу барысында прокурор құны 1 млрд теңгеден асатын мырышталған құбыр өндіру жобасын іске асырып жатқан «BS Group» ЖШС-нің және құны 1,8 млрд теңгеден асатын биофармацевтикалық зауытты жүзеге асырып жатқан «Anda Company» ЖШС-нің қызметімен танысты.

Прокурор кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау – прокуратураның басты назарында екенін атап өтті. Ол инвесторларға құқықтық қолдау көрсетілетінін, заңнамалық нормалар мен стандарттардың сақталуына жәрдемдесу мақсатында тұрақты жұмыс жүргізілетінін жеткізді.

Мұндай кездесулердің маңызы зор: инвестордың құқығын қорғау – ел экономикасына сенімді капитал тартудың алғышарты. Прокуратураның ашықтығы мен құқықтық қолдауы іскерлік ортада сенімді нығайтып, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен бірге, кәсіпкерлер өзекті мәселелер туындаған жағдайда +77076150010 байланыс нөміріне немесе Шымкент қаласы, Ерімбетов көшесі, 304 «Г», «Заңгар» бизнес орталығындағы Фронт-офиске жұмыс күндері сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін хабарласа алады.

### БАЛАЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Шымкент қаласының прокуратурасы ата-аналармен онлайн кеңес өткізді. Шымкент қаласының прокуратурасы «Zoom» платформасы арқылы қаладағы 162 мемлекеттік және 135 жеке мектептің ата-аналар комитеті төрағаларының қатысуымен кеңес өткізді. Онлайн шараға 5 мыңнан астам ата-ана қосылды.

Кеңесте кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері талқыланып, ата-аналарға нақты түсіндірмелер берілді.

Қала прокуратурасы ата-аналарды балаларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың бос уақытын жүйелі бақылауда ұстауға шақырды.

– Құқық бұзушылықтың алдын алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір ата-ана өз баласының тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы тиіс, – деп атап өтті жиынға қатысушылар.

Мектеп, ата-ана және құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысы – балалардың қауіпсіздігі мен салауатты болашағын қамтамасыз етудің басты тетігі.

Балаларымыздың амандығы – бәріміздің ортақ қамқорлығымыз.

### ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІҢ КЕПІЛІ

Шымкентте мемлекетке келтірілген 1,7 млн теңгеден астам шығын қайтарылды

Халықаралық іздеуде жүрген сотталушы 2024 жылдың шілде айында Грузия Республикасында ұсталып, Қазақстанға экстрадициялау барысында мемлекет бюджеті есебінен 1,7 млн теңгеден астам қаржы жұмсалған болатын.

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты Әл-Фараби ауданы прокуратурасының талап-арызын толық қанағаттандырып, шығынды өтеу жөнінде шешім шығарды.

Қазіргі таңда қозғалған атқарушылық іс жүргізу құжаты негізінде борышкерден барлық шығын толықтай өндіріліп, мемлекет пайдасына қайтарылды.

Бұл жағдай – прокуратура органдарының мемлекет мүддесін қорғаудағы табанды еңбегінің нақты нәтижесі. Шығынды толық өтеу заң үстемдігін қамтамасыз етумен қатар, әділет принциптерін сақтаудың айқын үлгісі болып табылады.

Мемлекет қаржысының әрбір теңгесі – халық игілігі үшін. Оны қорғау – құқық қорғау органдарының басты міндеті.

## БАТЫРДЫҢ ҒҰМЫРЫ – ЕЛГЕ ӨНЕГЕ

***1 қазан -** Халықаралық қарттар күні қарсаңында Түркістан облысының әскери қызметшілері Ұлы Отан соғысының ардагері,елдің абыз ақсақалы Анарбай Мырзахметовтың шаңырағына арнайы барып, мерекелік құттықтауларын жеткізді.*



Кездесуде ардагерге сыйсияпат көрсетіліп, әскерилер ізгі тілектерін білдірді.

– Қарияларымыз – халқымыздың тірі шежіресі. Аға буынның өнегелі өмірі мен ерлік жолы біз үшін қашанда үлгі. Осындай кездесулер арқылы жастарымызға отансүйгіштік пен батырлықтың мәнін жеткіземіз, – деді Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор Бағлан Өрісбай.

Анарбай Мырзахметұлы 1926 жылы Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келген. 18 жасында әскер қатарына шақырылып, Белорусь майданына аттанған жас жауынгер алғашқы ұрысын Польша жерінде бастады. Варшаваны азат етуге қатысып, Эльба өзеніне жеткенше ерлікпен шайқасты. Ол Магдебург пен Бланкенбург қалаларын азат етуге үлес қосып, атақты маршал Георгий Жуков басқарған әскер сапында Берлинді алу операциясына қатысып, Жеңісті сол қалада қарсы алды.

Соғыстан кейін бейбіт еңбекке араласқан ардагер жүргізуші, кейін ферма меңгерушісі қызметтерін атқарды. Жұбайы Шәман апай екеуі он бала тәрбиелеп, бүгінде 47 немере, 93 шөбере, 2 шөпшектің сүйікті атасы атанып отыр.

Биыл 99 жасқа толған майдангердің ғибратты өмірі – ел тарихының айнасы, жас ұрпаққа үлгі. Әскерилердің айтқанындай, оның ерлік жолы ешқашан ұмытылмайды, ал өмірлік өнегесі – болашаққа аманат.

---

ЕРЛІК ИЕЛЕРІ

## ҚҰТҚАРУШЫЛАР ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Жылыту маусымы қарсаңында Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаменті әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардың үйлерін аралап, өрт қауіпсіздігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Осы шара аясында Тұран ауданы ТЖБ-ға қарасты мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері «Жаңаталап» тұрғын алабында алты баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ананы анықтады. Тұрмыстық жағдайдың қиын екенін көрген құтқарушылар бейжай қалмай, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» акциясы аясында нақты көмек көрсетті.

Қызметкерлер отбасының ескі есік-терезелерін жаңалап, балаларға жылы киім мен ойыншықтар тарту етті. Сондай-ақ қыс маусымына арналған екі айлық азық-түлік қорын жеткізіп берді.

Бұл игі іс — құтқарушылардың адам өмірін құтқарумен қатар, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті жоғары ұстайтын жандар екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Олардың мейірімі мен қамқорлығы қиын жағдайда қалған отбасыларға үлкен үміт пен жылулық сыйлады.

### «ТАЗА ЖАҒАЛАУ» АКЦИЯСЫ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» республикалық акциясы аясында Шымкент қаласы ТЖД қызметкерлері қаланың экологиялық ахуалына үлес қосып, «Таза жағалау» акциясына белсенді қатысты.

Іс-шара барысында қаланың бастау көзі әрі табиғи символы саналатын Қошқар ата өзенінің арнасы мен жағалауы қоқыстан тазартылып, су айдынының экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылды.

Құтқарушылар тұрғындарды табиғатты аялауға, өзен-көлдеріміздің тазалығын сақтауға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға шақырды.

Экологиялық мәдениетті сақтау – әр азаматтың парызы. Табиғатты қорғау – болашақ ұрпақтың амандығы мен денсаулығына қосқан зор үлес.

Аталмыш акцияға байланысты өткен аптада тағы бір игі іс жүзеге асты.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына орай және республикалық «30 игі іс» акциясы аясында мектеп оқушылары үшін №7 өрт сөндіру бөлімінде Ашық есік күні ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында балалар құтқарушы мамандығының жауапты да маңызды қырларымен танысты. Мамандар оқушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтау, төтенше жағдайда дұрыс әрекет ету, өрттің алдын алу тәсілдері туралы кеңінен түсіндірді.

Балаларға арнайы өрт сөндіру техникасы мен құрал-жабдықтар көрсетіліп, олардың қызметтік ерекшеліктері таныстырылды. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, құтқарушылармен еркін әңгімелесті.

Бұл бастама жас ұрпақтың қауіпсіздік саласындағы білімін арттырумен қатар, олардың жауапкершілік пен азаматтық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етті.

### ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ

Шымкент қаласында арнайы мектеп-интернатта тактикалық оқу-жаттығу өтті «Қолжетімді қауіпсіздік» акциясы аясында Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Азаматтық қорғаныс басқармасы мен Тұран ауданы ТЖБ қызметкерлері №1 арнайы мектеп-интернатында оқу-жаттығу өткізді.

Іс-шараға 200 оқушы мен 15 мұғалім қатысып, жер сілкінісі кезінде қауіпсіз іс-қимыл жасау тәртібін тәжірибеде пысықтады.

Ерекше білім беру мекемесінің ерекшелігін ескере отырып, ақпаратты түсіндіру үшін ым-ишара тілін меңгерген маман арнайы шақырылды. Бұл балаларға қауіпсіздік ережелерін барынша түсінікті және қолжетімді түрде жеткізуге мүмкіндік берді. Оқу-жаттығу барысында оқушылар эвакуация дағдыларын меңгеріп, төтенше жағдай туындағанда дұрыс әрекет ету жолдарын үйренді.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және балалар мен педагогтарды төтенше жағдайларға дайын болуға баулу.

Дәл осындай шара оқушыларға да арналды. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» акциясы аясында Әл-Фараби ауданының №3 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері мектеп оқушыларына арнап танымдық кездесу ұйымдастырды.




Іс-шара барысында балаларға құтқарушылардың күнделікті қызметі, арнайы техника мен жабдықтар таныстырылды. Сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрекет ету тәсілдері тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Ашық есік күні оқушылар үшін әсерлі әрі пайдалы шара болды. Олар қауіпсіздік ережелерін меңгеріп, құтқарушы мамандығына деген қызығушылықтарын арттырды.

## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АРДАГЕРЛЕРІ СПОРТ АЛАҢЫНДА КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар органдарының 30 жылдығына орай Шымкент қаласы ТЖД «30 игі іс» акциясы аясында азаматтық қорғау ардагерлері арасында дәстүрлі спартакиада ұйымдастырылды.

Іс-шара спорттық рух пен құрметке толы мерекеге айналды. Спартакиада алдында ардагерлер үшін Ашық есік күні өткізілді. Онда қонақтарға заманауи өрт сөндіру және құтқару техникалары, арнайы құрал-жабдықтар таныстырылып, жеке құрамның кәсіби дайындығы көрсетілді. Шараға арнайы колледж студенттері де қатысып, азаматтық қорғау саласының қызметімен жақынырақ танысты.

Бағдарлама аясында шахмат және үстел теннисінен жарыстар ұйымдастырылды. Спорттық бәсекелер достық пен серіктестік рухында өтіп, ардагерлер үшін ерекше кездесуге айналды.

Ардагерлер өз сөздерінде қызмет жылдарындағы қызықты естеліктерімен бөлісіп, азаматтық қорғау жүйесінің даму деңгейіне жоғары баға берді. Сондай-ақ ұйымдастырушыларға көрсетілген құрмет пен жылы қабылдау үшін ризашылықтарын білдірді.

## ЖАНУАРЛАРҒА ЖАНАШЫРЛЫҚ



ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» акциясы аясында Шымкент қалалық жедел-құтқару жасағының кинолог-құтқарушылары игі дәстүрге айналған қайырымдылық шарасын өткізді.

«Құтқарушылар жануарларға көмекке» атты әлеуметтік акция барысында құтқарушылар мамандандырылған ит питомнигіне барып, ондағы үй жануарлары мен тастанды иттерге қамқорлық көрсетті. Мейірім мен жанашырлықты дәріптеген бұл шарада қызметкерлер жануарларға жем-шөп жеткізіп, олардың күтіміне атсалысты. Сондай-ақ, питомник қызметкерлеріне тұрмыстық қажетті заттармен қолдау білдіріп, иттерді серуендетуге көмектесті.

Акцияның басты мақсаты – тек адамдарға емес, табиғаттағы өзге тіршілік иелеріне де жанашырлықпен қарау, қоғамда мейірімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Құтқарушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар ұжымның рухын көтеріп қана қоймай, жастарға да өнеге болмақ.

**Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЭКОЖҮЙЕЛІК ӨНДІРІСТІК ПАРК ҚҰРЫЛАДЫ

Түркістан облысы еліміздің қарқынды дамып келе жатқан өңірлерінің бірі саналады. Географиялық тұрғыдан тиімді орналасуы оның стратегиялық маңызын арттыра түседі. Өңір аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі облысқа әлемдік нарықтарға тікелей шығу мүмкіндігін береді. Сондай-ақ Қазақстанның Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше болуы 185 миллионнан астам тұтынушысы бар кең нарыққа жол ашады.

Осы әлеуетті тиімді пайдалану мақсатында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров шетелдік инвесторлармен кездесіп, жаңа жобаларды талқылады. Кездесуде тараптар өңірде интеграцияланған экожүйелік өндірістік парк құру мәселесін жан-жақты қарастырды.



Әкім өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырып, инвесторларға қолайлы жағдай жасауға дайын екенін жеткізді:

– «Қазақстан мақта талшығы бойынша экспорттаушы ел болғанымен, дайын өнім – жіп, мата және киім-кешек өндірісінде импортқа тәуелді. Түркістан облысы еліміздегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі өндірушілерінің бірі. Әсіресе, мақта – өңір экономикасының маңызды саласы. Биыл мақта алқабы 144,5 мың гектарға жетіп, 470 мың тоннаға жуық өнім жиналады деп күтілуде. Бізде дайын инфрақұрылымы бар индустриалды аймақтар мен «Turan» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді. Салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Сондықтан тоқыма өндірісін дамытуға барлық жағдай жасалуда», – деді облыс әкімі.

Инвесторлар жобаның аясында мата және дайын өнім өндірісін, өңдеу орталықтарын, цифрлық логистикалық және қойма кешендерін, сондай-ақ сауда-көрме және сервис орталықтарын салуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар электрондық сауданы дамытуға, кадр даярлауға және өнімдерді Орталық Азия, Ресей, Еуропа нарығына шығаруға ниетті.

Жоба толық іске асқанда, 12 мың жаңа жұмыс орны ашылып, өңірлік өнім көлемі айтарлықтай артады. Шикізаттан бастап дайын өнім мен саудаға дейінгі толық циклді қамтитын бастама Түркістан облысын Орталық Азиядағы тоқыма кластерінің орталығына айналдыруға жол ашады.

## МАҚТА ТЕРІМІ ҚАРҚЫН АЛДЫ: 106 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ ӨНІМ ЖИНАЛДЫ



Агросекторды негізгі табыс көзіне айналдырған Жетісай ауданында мақта теру науқаны қызу жүріп жатыр. Ерте көктемнен егіс алқабында маңдай терін төгіп, ақ алтынды күтіп-баптаған диқандар үшін әрбір күн мен сағат аса маңызды.

Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов жұмыс жоспарына сәйкес мақталық алқаптарды аралап, еңбексүйгіш шаруалардың тыныс-тіршілігімен танысты. Ол жиын-терім науқанының барысын бақылап, егістіктегі еңбеккерлермен тілдесті.

Биыл ауданның 79,3 мың гектар суармалы жерінің 43,1 мың гектарына мақта егілген. Оның ішінде жергілікті тұқыммен қатар Түркия және Қытайдан әкелінген тұқымдық шит пайдаланылды. Қазірдің өзінде 41,9 мың гектар алқаптан 106 525 тонна өнім жиналып отыр. Науқанға 715 трактор, 897 тіркеме, 61 ОВХ және 239 мақта терім техникасы жұмылдырылған.

Өткен жылы 41 мың гектар жерден 112 750 тонна мақта алған жетісайлық диқандар биыл межені биіктетіп, 119,3 мың тонна өнім жинауды жоспарлап отыр. Бұған себеп – суды үнемдеп, өнімділікті арттыратын тамшылатып суғару әдісінің кеңінен енгізілуі. Қазіргі таңда оның көлемі аудан бойынша 5646 гектарды қамтыса, соның 2600 гектары мақта алқабына тиесілі.

Сонымен қатар, биылғы күзгі дала жұмыстарына бөлінген 1933,8 тонна жеңілдетілген дизель отыны толық игерілген.

Жетісай шаруалары мақтамен қатар 17 мың гектарға бақша, 3,3 мың гектарға көкөніс, 8,7 мың гектарға дәнді дақылдар, 6,7 мың гектарға мал азығы, 261 гектарға картоп егіп, мол өнім алды. Нәтижесінде 452,4 мың тонна бақша, 88,2 мың тонна көкөніс және 250 мың тонна мал азықтық өнім жиналды.

## САУРАНДА ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТАР ДАМУДА

Сауран ауданында кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жаңа жобалар жүзеге асуда. 2024-2026 жылдары ауданның бірнеше ауылдық округтерінде өндірістік аймақтар құрылып, шағын және орта бизнеске тың серпін бермек.

Бірінші кезеңде Қарашық, Иассы, Жүйнек, Шорнақ және Үшқайық ауылдық округтерінде жалпы аумағы 55 гектар болатын 5 өндірістік алаң салынуда. Бұл аумақтарда 115 цех бой көтермек. Қазірдің өзінде 60 кәсіпкермен меморандум жасалып, олардың 30-ы құрылыс жұмыстарын бастап кетті. Жоба толық іске асқанда 30 млрд теңге инвестиция тартылып, 1 094 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Облыс әкімінің орынбасары Талғат Қозбеков ауданға арнайы іссапар жасап, өндірістік аймақтардың құрылысымен танысты. Ол Иассы және Қарашық ауылдық округтеріндегі алаңдарды аралап, кәсіпкерлермен кездесті.

Иассы өндірістік аймағы – 9 гектар жерге орналасқан, мұнда 24 жоба жүзеге асырылмақ. Бүгінде 16 кәсіпкермен келісім жасалып, құрылыс қызу жүріп жатыр. Толық іске қосылғанда 600-ден астам жұмыс орны ашылып, жалпы инвестиция көлемі 6,3 млрд теңгеге жетпек.

Қарашық өндірістік аймағында – 10 гектар жерге 20 жоба жоспарланған. Қазірдің өзінде 12 кәсіпкер жұмысқа кірісіп, алғашқы құрылыстар басталып кетті. Бұл жобаның құны 4,5 млрд теңгені құрап, 170 адамды тұрақты жұмыспен қамту көзделуде.

Сапар барысында Жүйнек ауылдық округіндегі «ASIA BREND» жиһаз кәсіпорнына аялдаған Талғат Қозбеков 30 адамды жұмыспен қамтып отырған өндірістің тыныс-тіршілігімен танысты. Кәсіпорын жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге, балаларға арналған жиһаз түрлерін шығарады.

Сонымен қатар ол 2 гектар аумақта орналасқан, 120 адам еңбек ететін «DIVALUX» жиһаз цехында болды. Цех айына 500-ге жуық түрлі жиһаз жасап, еліміздің барлық өңірлерінен тапсырыс қабылдайды. Өндіріс үшін шикізат Түркиядан әкелінсе, мамандар кәсіпорын ішінде даярланады. Кәсіпорын қазірдің өзінде 40-қа жуық жиһаз түрін шығарады.

Облыс әкімінің орынбасарының айтуынша, бұл жобалардың іске асуы өңірдің экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, жергілікті халықты жұмыспен қамтып, жаңа кәсіпорындардың дамуына жол ашады.

## ЖЕТІСАЙ АУДАНЫНДА ЗАМАНАУИ ЗАУЫТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес Жетісай ауданында инвестиция тарту, жаңа жобаларды жүзеге асыру және жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Аталған бастамалар аясында жалпы аумағы 59 гектарды құрайтын «Жетісай» өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ құру қолға алынған. Қазіргі таңда оның инфрақұрылымдық желілерін жеткізуге арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыру мәселелері қарастырылуда.

Аудан әкімі Серік Мамытов индустриялық аймақ аумағында болып, құрылысы жүріп жатқан өндіріс орындарын аралап, шетелдік инвесторлармен кездесті.

Жалпы құны 15 миллион АҚШ долларын (7,5 млрд теңге) құрайтын жаңа зауыт ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын тамшылатып суару жүйесіне арналған құрал-жабдықтар мен полиэтилен пленкаларын өндіретін болады. Бұл – соңғы 30 жылда ауданда іске қосылып отырған алғашқы ірі өндірістік нысан. Жоба жүзеге асқан жағдайда аудан экономикасына тың серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туады.

(Жалғасы 3- ші бетте)

## ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА КӨШБАСШЫ ӨҢІР




Түркістан облысында индустриалды аймақтардың әлеуеті артып келеді. Бүгінде жалпы аумағы 2397,3 гектарды құрайтын 20 индустриалды аймақ жұмыс істейді. Онда жалпы құны 39,5 млрд теңгеге бағаланған 50 инвестициялық жоба іске қосылып, нәтижесінде 2 609 жаңа жұмыс орны ашылды.

Алдағы уақытта жалпы құны 112,4 млрд теңгеге тең 48 жаңа жобаны жүзеге асырып, 3 812 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Бұл жобалар құрылыс материалдары мен дайын металл өнімдерін өндіру, металлургия, машина жасау, пластмасса бұйымдары, сондай-ақ жеңіл және жиһаз өнеркәсібі салаларын қамтиды.

Мәселе облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппараттық мәжілісте қаралды. Кездесуде аймақ басшысы инвестициялық ахуалды жақсарту және инвесторларға қолдау көрсету бағытында нақты тапсырмалар берді.

– Президенттің биылғы Жолдауында инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау және өңдеу өнеркәсібін дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сондықтан индустриалды аймақтарда өңдеу өнеркәсібіне басымдық беріп, жобаларды тиімді іске асыру қажет. Аймақтар инфрақұрылыммен толық қамтылуы тиіс. Осы бағытта нақты қадамдық іс-шаралар жоспары әзірленіп, әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы есеп ұсынылуы керек. Ал тапсырмалардың сапасыз орындалуы басшылардың жауапкершілігі қаралады, – деді облыс әкімі.

Облыстық өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қанат Шонбасовтың айтуынша, индустриалды аймақтардың инфрақұрылымын дамытуға 12,35 млрд теңге жұмсалған. Нәтижесінде, бюджеттен бөлінген әрбір 1 теңгеге – 12,3 теңге жеке инвестиция тартылған.

Мәжіліс барысында аудан және қала әкімдері индустриалды аймақтардағы жобалардың іске асырылу барысы туралы баяндады. Облыс әкімі жауапты басшыларға бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді:

• Инфрақұрылым жүйелерін дамытуға қажетті қаржының есебін жүргізу;

• Белгілі мерзімде жұмысын бастамаған кәсіпкерлерден жер телімдерін қайтарып алу;

• Зауыттар мен өндіріс орындарын жергілікті салық органдарына тіркеуді қамтамасыз ету;

• Жаңа өндірістік жобалардың санын көбейту.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОРЫШЫ

Түркістан облысында жыл басынан бері жастар саясаты жаңа серпін алып, нақты нәтижелермен толықты. 2025 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша 15-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 1,8 пайызды құрап, өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеген.

Бүгінде өңір халқының 31 пайызын немесе 670 мыңнан астам адамды жастар құрайды. Бұл – облыс дамуының әлеуетті күші әрі стратегиялық ресурсы.

Жыл басынан бері жастарды қолдау бағытында 4 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, оларға 403 мыңнан астам жас қатысқан. Бұл көрсеткіш облыстағы мемлекеттік жастар саясатының кең ауқымда және жүйелі түрде іске асырылып жатқанын дәлелдейді.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында өңірдегі жастар саясатын іске асыру мәселелері кеңінен талқыланды. Өңір басшысы жастарға қатысты мемлекеттік саясаттың ел дамуының стратегиялық бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Оларды тұрақты жұмыспен қамту, әлеуетін арттыру және рухани тұрғыда қолдау – басты міндетіміз. Осы мақсатта облыстан шыққан белгілі тұлғалармен тұрақты кездесулер өткізу тапсырылған болатын. Бұл – жас ұрпаққа мотивация берудің және бағыт-бағдар көрсетудің тиімді жолы, – деді Нұралхан Көшеров.

Сондай-ақ әкім жастар саясатын іске асыруда басқа облыстар мен көрші елдердің тәжірибесін зерделеп, тиімді жобаларды өңірге бейімдеп енгізу қажеттігін айтты. Ол бұл бағытта нақты ұсыныстар әзірлеуді, жаңа идеялар мен жобаларды іске асыруды және жастармен жұмыс сапасын арттыруды тапсырды.

Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Болат Жанәбіл атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндады.

Оның айтуынша, өңірде жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. «Жас сарбаз» қозғалысы аясында бүгінде 21 мыңнан астам жас тіркелген, ал облыс бойынша 739 әскери-патриоттық клуб жұмыс істейді.

Жыл басынан бері әскери-патриоттық бағыттағы 158 іс-шара өткізіліп, 10 мыңнан астам жас қамтылған. Бұл қозғалыс өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, тәртіп пен ерлікке, сондай-ақ шығармашылық пен спортқа баулиды.

Жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған тағы бір маңызды бастама – «Арақ сатылмайтын ауыл» жобасы. Бұл үндеу өңір жастарының бастамасымен көтеріліп, кең қолдау тапты. Нәтижесінде облыс бойынша 75 елді мекенде алкоголь өнімдерін сату тоқтатылған. Бұл ауылдарда 125 мыңға жуық тұрғын тұрады.

Бастаманың мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттердің алдын алу және құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықты азайту.

Қоршаған ортаны қорғау мәселесі де жастар назарында. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында облыста жыл басынан бері 900-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, 189 мыңға жуық ерікті жас қатысқан.

Жастар ресурстық орталықтары мен еріктілер ұйымдарының бастамасымен өткізілген акциялар табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және таза ортаны сақтау бағытында айтарлықтай нәтиже беруде.

Түркістан облысында жастар саясатына қатысты бастамалар жүйелі түрде дамып келеді. Мемлекеттік қолдау мен жастардың белсенді ұстанымы нәтижесінде өңірде еңбек, патриотизм, салауатты өмір және экологиялық сана құндылықтары жаңаша сипат алып, жастардың өмірлік ұстанымына айналуда.




# ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН СПОРТШЫЛАРҒА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА МАРАПАТ

Түркістан облысының спортшылары 2025 жылдың 9 айында зор жетістікке қол жеткізді. Олар Қазақстан чемпионаттарында – 1060 медаль, Азия чемпионаттарында – 109 медаль, әлем чемпионаттарында – 79 медаль жеңіп алды. Осы жетістіктерді елеп-ескерген облыс басшылығы чемпиондарды арнайы марапаттады.

Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенінде өткен салтанатты шараға облыс әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, жуырда еркін күрес пен армрестлингтен әлем чемпионатында ел намысын қорғаған спортшыларға құрмет көрсетті.

– «Сіздерді әлем чемпионатындағы *тарихи жеңістеріңізбен құттықтаймын! Бұл – үлкен еңбектің, табандылықтың жемісі. Түркістан облысының спортшылары әлемдік аренада топ жаруы – баршамыз үшін үлкен мақтаныш. Алдағы мақсат – Олимпиада медаліне қол жеткізу»*, – деді аймақ басшысы.

Әкім Хорватияда өткен әлем чемпионатында қола жүлде алған Асылжан Есенгелдіге жаңа автокөліктің кілтін табыс етті. Сонымен бірге армрестлингтен әлемнің бірнеше дүркін чемпиондары Санжар Зәрубек, Нұрдәулет Айдархан және Ердәулет Мұхамбетовке де темір тұлпарлар сыйға берілді. Армрестлинг құрамасына 10 миллион теңгенің сертификаты табысталды. Жалпы, 24 спортшы мен бапкер алғыс хатпен марапатталды.

